

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім баскармасының Тасқала аудандық білім беру белімінің «Сәулет» мектеп-лицеї коммуналдық мемлекеттік мекемесі бос лауазымға ашық конкурс жариялады**

**Атауы:** Тасқала ауданы білім беру белімінің «Сәулет» мектеп-лицеї КММ

**Орналасқан орны(мекен-жайы):** (БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Құрманғалиев көшесі 5.

**Тел. 8(711)39-21-374;**

**Электрондық адрес:** [Saulet\\_ml@mail.kz](mailto:Saulet_ml@mail.kz) бос лауазымға орналасуға конкурс жариялады:

**Лауазымы:**

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – 1 бірлік, (тұракты) – 163 000 тг.

**Функционалдық міндеттері:** оку-тәрбие процесін үйімдастыруды қамтамасыз етеді.

Тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды үйімдастырады.

Аға тәлімгерлердің, ұзартылған күн топтары тәрбиешілерінің (бұдан әрі-ҮКТ), сыйнып жетекшілерінің, педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтар мен қосымша білім беру педагогтерінің қызметін жоспарлауды және бакылауды жүзеге асырады; тәрбие жұмысы, мәдени-тәрбие іс-шараларын дайындау және өткізу бойынша қажетті құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді; өткізілетін тәрбие процесінің мазмұны мен өткізу сапасына жүйелі бакылауды жүзеге асырады.

Педагогикалық кадрларды іріктеуге катысады, педагогтердің біліктілігін және кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыстарды үйімдастырады. Тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру үйімдары әкімшілігінің, әлеуметтік – психологиялық қызметтері мен белімшелерінің қоғам және құқық коргау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамының өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайын бакылауды жүзеге асырады.

Тәрбие іс-шараларын өткізу кезінде акпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады. Білім алушылардың, педагогтардың конкурстарға, слеттерге, конференцияларға катысуын қамтамасыз етеді. Кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізеді, есеп беру құжаттамасының сапалы және уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді.

"Құндылықтарға негізделген білім" -мектеп тұжырымдамасын әзірлейді. Мектеп ұжымының катысуымен білім беруге бағалы әдіс енгізеді.

Ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумды үйімдастырады және өткізеді. "Жас қыран", "Жас ұлан" балалар үйімы жұмысын үйімдастырады. "Қоғамға қызмет ету", "Тұған елге тағзым", "Ұлkenge ізет", "Ата-анаға құрмет" атты қоғамға пайдалы жұмыстарды үйімдастырады. Рухани-адамгершілік біліммен қамтамасыз етуде "Өзін-өзі тану" пәні мұғалімін алмастырады. Білім беру үйімы түлектері кауымдастығы қызметін құру және қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіреді. Педагогикалық енбек ветеранымен ынтымактастықта болады. Мектеп мұражайының жұмысын үйімдастырады. Дебаттық қозғалысты дамытады.

Туристік сапарлар мен саяхаттарды үйімдастырады. Білім беру үйімдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, онын ішінде балалы отбасылардың катысуымен енгізеді.

Он екі күндік үлгі мәзір (меню) негізінде күн сайынғы дастархан мәзірінің орындалуын қадағалайды. Жеткізілген азық-тұлік өнімдерінің сапасын бакылайды, оларды сақтау мен пайдалану ережелерінің орындалуын қадағалайды. Аз қамтылған отбасы балаларының тегін тамакпен қамтылуын, тұрмысы төмен отбасы оқушыларының тегін киіммен қамтамасыз етілуін, оқушылардың қызығушылығы бойынша өлкетану, туризм және басқа үйірмелер, клубтар үйімдастырады. Топтар бойынша тамактану графигінің сакталуын қадағалайды. Оқушыларының сабакқа катысуы, күнделіктерін жүргізуін қадағалау.

Қазақ тілі және әдебиет, өзін-өзі тану пәндерінің берілуін және мектеп жанындағы интернат жұмысының жүргізуін қадағалайды. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және тағы басқа қызметкерлер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыйбайлас жемқорлыққа карсы мәдениеттің алдын алады. Белгіленген тәртіпте есеп құжаттамаларының сапалы және уақтылы жасалуын, анықтығы мен тапсырылуын қамтамасыз етеді.

## **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

- тиісті бейін бойынша жогары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс стажына талап қоймастан, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат немесе біліктіліктің ортаса деңгейіне жататын XI педагогикалық сыныбы бар 1995 жылға дейін орта мектепті бітіргені туралы құжат;

- және (немесе) біліктілігінің жогары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл;

- және (немесе) біліктілігінің жогары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі: 23.08.2022- 01.09.2022 ж.**

**Конкурсқа қатысу үшін электрондық немесе қағаз түріндегі келесі құжаттар қажет:**

1) осы Қағидаларға 10-косымшаға сәйкес нысан бойынша коса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парагы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) енбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрекшімен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық үйымнан анықтама;

8) наркологиялық үйымнан анықтама;

9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).

10) 11-косымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Багалау парагы.

**Конкурсқа қатысуга құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап жеті жұмыс қуні ішінде жүргізіледі.**